

Агроөнеркәсіптік кешен – экономика салаларының жиынтығы, құрамына өндіріс, дайындамалар, сақтау, тасымалдау, қайта өңдеу мен ауыл шаруашылығы, балық шаруашылығын жүзеге асыру, сол сияқты азық-түлік өнеркәсібі енеді. Өндіріс пен әрекеттердің салаларын қамтып, оларды уақтылы техникамен қамтамасыз етеді, сол сияқты технологиялық жабдықтарды, ақша, ақпараттық және басқа да ресурстарды, ветеринарлық-санитарлық және фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтиды, ғылыми тұрғыда қамтамасыз ету мен кадрларды дайындауды қарастырады. Агроөнеркәсіптік кешен, ауыл шаруашылығының дамуымен байланысты, оның өндірісіне қызмет ету мен ауыл шаруашылық өнімін тұтынушыға жеткізу сияқты халық шаруашылығының салалар жиынтығы болып табылады.

Нарықтық экономика жағдайында ауыл шаруашылық өндірісінің тиімділігі айтарлықтай деңгейде халық шаруашылығының басқа да бірнеше салаларының дұрыс қызмет етуіне тәуелді. Ең алдымен ауыл шаруашылығын техникамен, ауыл шаруашылығы машиналарымен, жанар-жағар маймен, улы химикаттармен, құрылыс материалдармен, көлік құралдарымен және т.б. жабдықтайтын салаларға байланысты.

Ауыл шаруашылығының даму динамикасы мен қарқыны көбінесе оған өндіріс құралдарын дайындайтын өнеркәсіп салаларының өндіріс деңгейімен анықталады. Сонымен қатар ауыл шаруашылығының дамуы ауыл шаруашылық кәсіпорындарына қызмет көрсететін өндіріс пен салалардың іс-әрекеттерінің тиімділігімен тығыз байланысты. Бұған, бірінші кезекте техникаларды жөндеу, ауыл шаруашылығы объектілерінің құрылысы, өндіріс құралдарымен жабдықтау, материалдар мен өнімдерді тасымалдау салалары жатады.

Қазіргі таңда агроөнеркәсіптік кешеннің даму мәселесі экономикалық саясаттың басты басымдықтарының бірі. Сонымен қатар оның әрі қарай бәсекеге қабілеттілігін нығайту мақсатында арнайы шаралар қабылданып жатыр. Бүгінде агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты даму тұжырымдамасы іске асырылуда.

Аграрлық салаға тұтас мемлекеттік қолдау көрсету жүйесі жасалды. Ең алдымен, ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінің кәсіпкерлік ынтасын ынталандыруға және агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілетті бағыттарын тездетіп дамытуға қолайлы жағдайлар туғызылуда.

Республикалық бюджеттен ағымдағы жылы ауыл шаруашылығы саласына 96 млрд. теңгеден артық қаржы қарастырылды. Оның ішінде 41,3 млрд. теңге өндірісті субсидиялауға арналады, ол өткен жылғы деңгеймен салыстырғанда 3% жоғары. Бұдан басқа, инвестициялық жобаларды іске асыруға “Қаз-Агро” холдингіне Ұлттық қордан 120 млрд. теңге бөлінді. Оның 70 млрд. теңгесі уақытша бос қаражаттар, ол маусымдық егу және жинау жұмыстарын несиелендіруге бөлінген [1].

1-суреттің мәліметтері бойынша АӨК жалпы өнімінің көлемі ауыл шаруашылығы өнімдерінің 2011 жылғы 1089,4 млрд. теңгеден 2015 жылғы 2286 млрд. теңгеге дейінгі және қайта өңдеу өнімдерінің 2011 жылғы 490,8 млрд. теңгеден 2015 жылғы 828 млрд. теңгеге дейінгі өсуімен орнықты үрдісті көрсетті. Соңғы 5 жылда ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемінің орташа өсу қарқыны 10,9%, қайта өңдеу өнімдері 18,3% құрады.

2-суреттің мәліметтеріне сәйкес тамақ өнімдері өндірісінің көлемі 2015 жылы 2014 жылмен салыстырғанда 132,8 млрд. теңгеге артқан, жылда шешуші қайта өңдеу өнімдері өндірісінің орташа жылдық жалпы көлемі 650 млрд. астам теңгені құрады.


Мал шаруашылығында мемлекет мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыру мақсатында асыл тұқымды істі субсидиялау жолымен субъектілерді қолдауды жүзеге асыруды жалғастыруда. 2015 жылы бөлінген субсидиялардың жалпы көлемі 31,5 млрд. теңгені құрады.

2015 жылы құрғақшылыққа байланысты мал басының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында мал шаруашылығы кәсіпорындарына және жеке аулаларға малдың қыстауын ұйымдастыруда жәрдемдесуге бағытталған бірқатар шаралар қабылданды, соның ішінде:

Рынок продовольственной продукции



1-сурет. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімдерін өндіру көлемі



2-сурет. Тамақ өнімдері өндірісінің көлемі

- шөпке 14,5 млн. тонна қажеттілік кезінде 15,4 млн. тонна, пішендемеге 302 мың тонна қажеттілік кезінде 329 мың тонна, сүрлемге 378 мың тонна қажеттілік кезінде 548 мың тонна жиналды;

- құрғақшылықтан зардап шеккен облыстарда ІҚМ аналық мал басын сақтау үшін Үкімет резервінен 1,5 млрд. теңге бөлінді;

- құс және шошқа өсіру шаруашылықтарын жемшөп астығымен қамтамасыз ету мақсатында «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» АҚ 311,7 мың тонна көлемінде жемшөп қорын бөлді.

Мемлекет Басшысының тапсырмасына сәйкес Министрлік жайылымдық мал шаруашылығын дамыту бойынша шаралар қабылдауда. Осы міндетті шешудің негізгі жолдарының бірі жайылым учаскелерін суландыруды және жайылымдық мал шаруашылығын ұйымдастыру болып табылады.

Осыған байланысты, инвестициялық жобалардың капитал сыйымдылығын және құнының өтелу мерзімдерін төмендету үшін ҚР АӨК дамытудың 2013-2020 жылдарға арналған бағдарламасы жобасының шеңберінде

мал өсіру шаруашылықтарының шалғайдағы жайылымдарда шахталық және құбырлық құдықтар салу бойынша шығыстарын ішінара (80%-ға дейін) өтеу түріндегі мемлекеттік қолдауды енгізу көзделеді.

Тауарлық балық өсіруді дамыту мақсатында акваөсіру саласында жұмыс істейтін шаруашылықтар үшін арнайы салықтық режимді белгілеу бастамашылық етілді.

Қарқынды дамыту үшін стратегиялық негіз ретінде Тауарлық балық өсіруді дамыту жөніндегі мастер-жоспарының жобасы әзірленді, ол қазіргі және болашақ ұрпақтардың қызығушылықтарын ескере отырып, балық кластерін кешенді дамытуға бағдарланған.

Саланы одан әрі дамыту үшін ҚР АӨК дамытудың 2013-2020 жылдарға арналған бағдарламасы жобасының шеңберінде тауарлық балық өсіруді субсидиялау көзделеді [2].

Ветеринарлық қауіпсіздік бағытында әкімшілік кедергілерді төмендету және ветеринарлық бақылауды күшейту мақсатында 2012 жылғы 12 қаңтарда «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасы Заңына мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар мен жануар-

ларды бірдейлендіру бойынша процессингтік орталық құруды, сондай-ақ ветеринария саласында кездейтін рұқсат беру құжаттарын беруді оңтайландыруды кездейтін түзетулер енгізілді.

2015 жылы 5,7 млрд. теңгеге жануарлардың аса қауіпті ауруларының 39,5 млн. диагностикалық зерттеуі жүргізілді. Зерттеулердің негізгі үлесі (94%) ірі қара және ұсақ мал басын 100% қамти отырып, бруцеллезге келеді, ал басқа аурулар бойынша зерттеулер мониторинг мақсатында іріктеп жүргізіледі. Бағдарлама шеңберінде іс-шаралардың іске асырылуына жүргізілген талдау, онда қойылған міндеттер жалпы алғанда орындалып жатқандығын көрсетіп отыр.

Сонымен бірге, қазіргі уақытта әлемдік экономика мен демографияның жаңа үрдістері қалыптасты, жаһандық климаттық өзгерістер жүруде, аймақта интеграциялық үрдістердің нақты дамуы орын алды. Қазақстан Кеден одағына енді, ДСҰ-ға ену жоспарлануда. Тамақ өнімдерін тұтынудың қарқынды ұлғаюымен, біруақытта су, жер және басқа ресурстардың жетіспеушілігінің өсуімен, табиғи ортаға антропогендік жүктің ұлғаюымен, жақын орналасқан аймақтарда халықтың өсімі орын алуда. Ауыл шаруашылығы өндірісінің одан әрі дамуы ауыл шаруашылығының дамуындағы бірқатар негізгі проблемаларды шешуде тұжырымдамалық түрде жаңа әдісті талап етеді.

Ауыл шаруашылығы шикізатынан соңғы өнім алу үшін аталған салалармен қоса өнеркәсіптің тамақ, жеңіл және текстильді және т.б. салалары маңызды орын алады. Агроөнеркәсіптік кешенінің құрамына тек өндіріс процесінде, әрі соңғы өнімді тұтынушыға жеткізуге қатысатын техноло-гиялық және экономикалық жағынан өзара байланысты салалар кіреді. Азық-түлік өнімдерін өндіруге және азықтық емес тұтыну заттарын жасауға қатысатын салалар сәй-кестігі агроөнеркәсіптік кешенінің салалық құрылымын құрайды [3]. Агроөнеркәсіптік кешенінің негізгі үш саласы бар:

Бірінші сала агроөнеркәсіптік кешенді өндіріс құрал-жабдықтармен қамтамасыз ететін, сонымен қатар ауыл шаруашылығына өндірістік-техникалық қызмет көрсететін салалардан тұрады.

Агроөнеркәсіптік кешеннің екінші саласына ауыл шаруашылық өнімді өндірумен айналысатын кәсіпорын мен ұйымдар кіреді, үшінші саласына – ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеу, дайындау және оны тұтынушыға жеткізуді қамтамасыз ететін салалар және кәсіпорындар кіреді.

Агроөнеркәсіптік кешен еңбек пен капиталдың арнаулы саласы. Аграрлық өндіріс еңбек әрекетінің сол саласына қатысты, яғни тікелей өмірлік қор мен игілік өндірісімен

қатысты, адамзат қоғамының эволюциясында ерекше рөлге ие. Аграрлық еңбек – қоғамдық өндірістің бастапқы және анықтаушы бастауы. Қоғамға қатысы бойынша ол тұтастай өнім түзуші өзекті еңбекпен қатысты, бастапқы қажеттіліктерді қанағаттандырады.

Ауыл шаруашылығы өндірісінен машиналық кезеңге көшу сатысы аграрлық еңбекпен өндірістің өзінің мазмұнындағы сапалық өзгерістермен ұштасады. Аграрлық еңбек аграрлық-өнеркәсіптік еңбекке түрленеді, ал аграрлық өндіріс – аграрлық-өнеркәсіптік өндіріске. Осылайша, ұлттық өндіріс аясында экономиканың ерекше саласы қалыптасты, яғни азық-түлік және басқа да тауарлардың жүзеге асатын көптеген түрлері ауыл шаруашылығының шикізаттарынан алынады. Ол аграрлық-өнеркәсіптік кешен деп аталады [4].

Қазақстан Республикасының нарықтық қатынастарға көшуі, жерді игерудің жаңа жүйесі мен жерді пайдалану Қазақстанның АӨК-дегі ескі интеграциялық байланыстарды бұзды, ол жоспарлы-директивалық жүйеге негізделеді.

Қорыта келе, осы айтылған міндеттер мен көтерілген мәселелер ескеріліп, алға қойылған стратегиялық мақсаттар дұрыс іске асырылса ауыл шаруашылығы өркендеп, ауыл халқының әл-ауқаты жақсаратынына көміл сенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Государственная агропродовольственная программа Республики Казахстан на 2003-2005 годы // Правительственный бюллетень. - № 3(3), сентябрь-октябрь. – Астана, 2002. – 495 с.

2 Нұрғалиева А.А., Қорабаев Б.С., Нұрғалиев А., Есжанова А.О. Аграрлық саланың даму барысы және әлеуметтік инфрақұрылым // Аграрлық нарық проблемалары. - 2014.- №1. – С. 141-145.

3 Дощанова А.И. Государственное регулирование в аграрном секторе Казахстана // Проблемы агрорынка.– 2014. - №1. – С.58-64.

4 Нұрғалиева А.А., Мусина А.Ж., Нұрғалиев Е.А. Ауыл шаруашылығындағы өндірістік кәсіпкерліктің ерекшеліктері // Аграрлық нарық проблемалары.- 2014. - №2. – С. 38-43.

Pajdalanylran әdebiетter tizimi

1 Gosudarstvennaja agroprodovol'stvennaja programma Respubliki Kazahstan na 2003-2005 gody // Pravitel'stvennyj bjulleten'. - № 3(3), sentjabr'-oktjabr'. – Astana, 2002. – 495 s.

2 Nұrғalievа А.А., Қorabaeв B.С., Nұrғaliev А., Eszhanova А.О. Agrarлық salanuң damu barysy zhәне әleumettik infraқұrylym // Agrarлық naryқ problemalary. - 2014.- №1. – S. 141-145.

